

## Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес отырысының хаттамасы

Астана қаласы

2024 жылғы 28 ақпан

**Төрағалық етті:** Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Т. Б. Дүйсенова

**Қатысты:** (тізім бойынша)

### **1. Кәсіптік стандарттарды әзірлеу және енгізу мәселелері туралы**

*(Дүйсенова, Ордабаев, Төлеушин, Бекнияз, Бекбауов, Егемберді, Қалиақпаров)*

1. Кәсіптік стандарттарды әзірлеу және енгізу жөніндегі жоспарлар туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі О.Т. Ордабаевтың ақпараты назарға алынсын.

#### **2. Орталық мемлекеттік органдар:**

- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі – Еңбекмині) ұсыныстарына сәйкес кәсіптік стандарттарды сапалы әзірлеуді (өзектендіруді);

- кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестердің құрамына білім беру ұйымдарының өкілдерін қосуды;

- жетекшілік ететін салалардағы қызмет түрлері мен кәсіп топтарын кейіннен олар бойынша кәсіптік стандарттарды әзірлеу және өзектендіру үшін айқындауды;

- білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік бірлестіктерімен кәсіптік стандарттарды сараптау мәселесін пысықтауды;

- **а.ж. 1 сәуірге дейінгі мерзімде** «Кәсіптік біліктілік туралы» ҚР Заңында көзделген функцияларды мемлекеттік органдардың ережелеріне енгізуді;

- **а.ж. 8 сәуірге дейінгі мерзімде** Еңбекминіне Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалықтарынан, Біліктілік анықтамалықтарынан жетекшілік ететін салалар бойынша кәсіптік стандарттарға көшу жөнінде ұсыныстар беруді қамтамасыз етсін.

#### **3. Еңбекмині:**

- **а.ж. 1 мамырға дейінгі мерзімде** Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалықтарын, Біліктілік анықтамалықтарын тексеруді аяқтасын және қорытындыларын Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында таныстырсын;

- кәсіптік стандарттар негізінде азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесі мәселесін пысықтасын;

- **а.ж. 11 наурызға дейінгі мерзімде** 2024 – 2026 жылдарға арналған кәсіптік стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жоспарын ұсынылған тәсілдерге сәйкес бекітуді қамтамасыз етсін.

4. **«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы** (келісім бойынша) Еңбекминімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен кәсіптік біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеуді қамтамасыз етсін.

5. **ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі 7 наурызға дейінгі мерзімде** жетекшілік ететін салалардағы сұранысқа ие мамандар бойынша ақпаратты Еңбекминіне ұсынсын.

6. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес отырыстарының кестесі осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Еңбекминіне жүктелсін.

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары**

**Т. Дуйсенова**

Подпись канцелярии

06.03.2024 18:49 СЕРИКБАЕВА НУРСУЛУ

Подпись руководителя

05.03.2024 11:55 ДУЙСЕНОВА ТАМАРА



<b>Тип документа</b>	Входящий документ
<b>Номер и дата документа</b>	№ Д-769//16-04/Б-406 от 07.03.2024 г.
<b>Организация/отправитель</b>	АППАРАТ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
<b>Получатель (-и)</b>	МИНИСТЕРСТВО ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.